

## Экспорт контрактыларын тіркеу тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 26 тамыз N 1190. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.03.12. N 298 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) экспорттау және импорттау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1002 қаулысына 3 қосымшада "Олардың экспортталу контрактылары тіркелетін стратегиялық маңызы бар тауарлардың Тізбесінде" белгіленген тауарлардың номенклатурасы бойынша қоса беріліп отырған экспорттық контрактыларды тіркеу

Тәртібі

бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер - министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 26 тамыздағы

N 1190 қаулысымен

Бекітілген

Экспорттық контрактыларды тіркеу тәртібі

1. Осы экспорттық контрактыларды тіркеу тәртібінің бұлжымас мәлімдемелік сипаты бар және ол "Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) экспорттау және импорттау тәртібі туралы" (3 қосымша) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі қаулысымен белгіленген, олардың экспортталу контрактылары тіркелетін Стратегиялық маңызы бар тауарлардың тізбесіне ғана жүреді.

2. Экспорттық контрактыларды тіркеуді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті органдары тек қана есепке алу мақсатында жүргізеді, контрактыны тіркеген ұйымның мөртаңбасымен расталып, жауапты адамның қолы экспорттық контрактының түпнұсқасына тікелей қойылады.

3. Экспорттық контрактыны тіркеу және мәліметтердің республикалық банкін құру үшін экспорттаушы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне немесе оның жергілікті органына қосымшаға сәйкес белгіленген

нысандағы өтініш, экспорттық контрактының түпнұсқасы мен көшірмесін, ал биржалық тауарлар бойынша (стратегиялық маңызы бар деп саналатын) "Биржалық тауарлардың Тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына сәйкес тауар биржалары беретін куәлікті тапсырады. Экспорттаушы аталған құжаттарды тапсырған мезеттен бір тәулік ішінде контрактыларды тіркеу жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде немесе оның жергілікті органдарында экспорттық контрактының тіркелгені туралы мөртаңба, ал, стратегиялық маңызы бар деп саналатын биржалық тауарлар бойынша тауар биржалары беретін куәліктер кеден органдарының тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан шығаруға негіз болып табылады.

5. Экспорттық контрактының шарттары өзгерген жағдайда экспорттаушы оны қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне немесе оның жергілікті органдарына тапсырады.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде немесе оның жергілікті органдарында экспорттық контрактылардың тіркелгені үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген мөлшерде төлем ақы алынады және тиісінше республикалық немесе жергілікті бюджеттің кірісіне е с е п т е л е д і .

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі экспорттық контрактыларды тіркеу негізінде стратегиялық маңызы бар тауарларды экспорттау бойынша мәліметтердің республикалық банкін есептеуді жүргізіп, тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырады, ал, олардың сұрау салуы бойынша республикалық мәліметтер банкіндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне т а п с ы р а д ы .

Қосымша

Экспорттық контрактыны тіркеуге

Өтініш

1. Сатушы, оның мекен-жайы \_\_\_\_\_ тіркеу коды

-----  
|       |  
-----

-----  
2. Тауарды жасаушы: \_\_\_\_\_ тіркеу коды

\_\_\_\_\_  
|       |  
-----

3. Жасаған елі: \_\_\_\_\_

4. Контрактының N \_\_\_\_\_ күні  
күшіндегі мерзімі \_\_\_\_\_

5. Сатып алушы: \_\_\_\_\_

6. Сатып алушының елі: \_\_\_\_\_

7. Тауар берудің негізі: \_\_\_\_\_

8. Төлемнің шарты: \_\_\_\_\_

9. Есеп айырысу шарты \_\_\_\_\_

10. Төлем валютасы: \_\_\_\_\_

11. Тауардың атауы: \_\_\_\_\_ СЭК ТН коды

-----  
|       |  
-----

12. Өлшем бірлігі: 13. Саны: 14. Белгілі бірліктің бағасы

-----

15. Төлем валютасындағы сома, мың \_\_\_\_\_

16. АҚШ долларындағы сомасы, мың \_\_\_\_\_

17. Сатушы ұйым басшысының  
аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Мөрдін \_\_\_\_\_ қолы  
орны \_\_\_\_\_ күні